

Ленин жұл

(К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің және К(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті)

№ 127 (7087) | Сәбді 30 июнь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Тұқым егісін тыңғылықты күтіп, мол өнім алайық!

Партиямыз бен Үкметіміз колхоз, совхоздарға тұқым шаруашылығын жақсарту, оны өздерінің егіс даласында өсірілетін сапалы егіс тұқыммен қамтамасыз ету мәселесіне үнемі көмекшілік жасап келеді. Бүгін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында тұқымдық материалдың жұмысын жақсарту шаралары туралы» қаулысы толық дәлел болып табылады.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің бұл қаулысында: «Бірсыра жерлерде тұқымдық учаскелер арнап бөлінген жоқтарға белгіленеді. Мек колхоздар мен совхоздарда тұқым егісіне бөлінген арнаулы звероардың қатарындағы алаңдар бөлінген, бүгін ауыл шаруашылық жылына сол звероарда істемелі, басқа жұмыстарға ауыстырылып отырылды. Мек колхоздар мен совхоздарда тұқымдық егістер арам шөп басып кеткен жерлерге арналды, сапасыз тұқым себілді, жер жақсы пайдаланылмайды. Мұның аяғы тұқымдық учаскелерді адам шөп басып кетуге, егістің бір қатары апатқа ұшырауына әкеліп соқты. Кейде тұқым учаскелеріндегі егін ақырғы кезекте жыйналды. Осының салдарынан бұл егіснің ырабы көп болды» — деп атап көрсетілді. Сөйтіп егіс алаңын б тұқымдармен қамтамасыз ете алмай келе жатқан колхоздар мен совхоздардағы егіс шын сыр аңылады.

Облысымыздың алатын қатарлы колхоздары мен совхоздары тұқым шаруашылығын реттеп, оның бағытын белгідеуге, тұқымдық учаскелерді ұйымдастыруда, оларды жақсы тұқыммен қамтамасыз етуге соңғы жылдарда тұқым шаруашылығында болып келген елеулі көмекшіліктері көп жөнінде былай бірсыра шараларды жүзеге асырды. Тұқымдық учаскелер-

гоуге бөлмейді. Облыстық жер бөлімінің жүргізген тексеруі бірыра жерлерде тұқым учаскелерінің шекарасы әлі күнге дейін толық белгіленбегендігін, тұқым егісін күту жұмысының нашар ұйымдастырылғандығын, ал Соколов ауданының Бірыра колхоздарында әсіресе тұқымдық картоф және көп жылдық шөп егістерінің алаңын күтуге жете назар аударылмағандығын көрсетті. Бұл ауданның кейбір колхоздарында тұқымдық учаскенің кемінде 20 проценті тұқымдық картоф егісіне арналу орнына, оның 15—18 проценті ала тұқымдық картоф егісіне пайдаланылған. Тұқым шаруашылығын жақсарту ісіндегі бұл сыяқты кешілік Совет, Соколов, Көнүхов, Приенім және Преснов аудандарының колхоздарында да жоқ емес.

Егін өнімін арттырудың ең шешуші шарты—сапалы тұқым болады. «Не ексең, соны орасең» деп халық мақалы төкпе айтылмаған. Сондықтан келесі жылдың егіс алаңын әрбір колхоз мен совхоз өзінің меншікті тұқыммен толық жабық тауға ерекше көңіл бөлуі керек. Өткен жылдары тұқымдық учаскені бөлмеу, оны күту, жыйнау жұмыстарын ұқыпты жүргізеу салдарынан быылғы көктем егісі өзіне кейбір колхоздар көп қиыншылық көргенін өстен шығармау керек. Сөйтіп бұл қателікті быыл қайталамау шараларын жүзеге асыру хажет.

Тұқымдық учаскелерден өнімді мол алу үшін оны агротехника ережесіне сай мұқият күтуге байланысты екендігі бізге мәлім. Тұқымдық учаскелердің өзіне арам шөпті кемінде 2—3 рет отап, кең қатарда себілген жерде олардың қатар аралығын баптау керек болады. Оның егістерін 6—8 рет суарып, олар 1—2 рет үстеме көрек бері егіс

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

КОМБАЙНДАР ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ТОЛЫҚ ӨЗІР БОЛСЫН!

Жарыста озып шығамыз

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың «Жеңіс» орденімен екінші рет наградалып, оған Советтер Одағының Батыры атағы берілуі туралы хабар, МТС жұмысшылары арасында зор ендірістік өрлеу туғызды. Бұл қуанышты хабарды естіген барлық жұмысшылар Сталиндік вахтаға тұрды.

—Жеңіс күні—9 майда Сталин жолдас бізді бұрынғыдан да күшті жігермен еңбек істеуге шақырды. Кеменгер көсеміміздің «Жеңіс» орденімен наградалып, оған Советтер Одағының Батыры атағы берілуі хұрметіне, біз комбайнды дер кезінде, сапалы жөндейміз, сөйтіп егін жыйнауға үлгіміз әзірленеміз,—деді комбайн жөндеуші бригадир Нұрмұқанов жолдас.

Нұрмұқанов жолдастың сөзі мен ісін де айырма болмайды. Ол басқарған бригаданың мүшелері ерекше ұйымшылдықпен жұмыс істеп жүр. Осының нәтижесінде бригада 25 июньге дейін комбайнның егін соғатын бөлегін жөндеуге тиіс болса, 8 комбайнның егін соғатын бөлегін жөндеп, қазір тоғызыншысын жөндеуге кірісті. Сол сыяқты, Анжиковский жолдас басқарған мотор жөндеушілер бригадасы да осы мерзімге дейін 3 мотор орнына, 4 мотор жөндеп шығарды.

МТС-та 35 комбайн бар. 1 июльге дейін 9 комбайнды жөндеуге тиіс еді. 25 июньге дейін 5 комбайн толық жөндеді. Қазір 4 комбайн жөндеуде тұр, бұлар 1 июльге дейін толық жөнделіп шықпақ.

Ақмола облысындағы Авангард машина-трактор станциясы коллективінің іс үлгісі бойынша, бүкіл Қазақстанның социалистік жарысқа ұшпақанда, біз комбайн жөндеу жұмысын 25 июльге дейін толық аяқтауға міндеттенеміз. Бұл міндеттеміз аброймен орындау үшін, бірыра ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Комбайндарды жөндеу бригадаторлық әдіспен ұйымдастырылды. Жоспар бойынша комбайн жөндеуге 65 адам қатыстырылуға тиіс болса, қазір 85 адам қатыстырылып отыр. Мастерскойда таң ертеңгі сағат 8ден кешкі сағат 10ға дейін үздіксіз жұмыс істеледі. Ал, токарь цехтары тәулік бойы жұмыс істейді. Мастерскойда қазіргі өсімде 5 мың сомның қосалқы бөлшегі жинартылды. Бұлардың

Облысымызда ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, 28 июньге дейін облыс колхоздарында 32690 гектар пар жыртылып, пар жырту жоспары 32,1 процент орындалды. 27 июльде колхоздар 1024 гектар ғана пар жырты.

Пар жыртуда Мамлют ауданының колхоздары екінші орыннан бірінші орынға шықты. Мұнда 4236 гектар пар жыртылып, жоспар 42,4 процент орындалды. Октябрь ауданының колхоздары пар жырту жоспарын 41,5 процент орындап, бірінші орыннан екінші орынға түсіп қалды. Пар жырту жоспарын Көнүхов ауданының колхоздары 41,4, Петропавл ауданының колхоздары 38,6 және Булаев ауданының колхоздары 36,5 процент орындады.

Пар жырту жұмысы әсіресе Полудень, Ленин, Совет және Преснов аудандарында өріс алмай келеді. 27 июльде Полудень ауданының колхоздарында небары 80 гектар ғана пар жыртылды, сөйтіп пар жыртудың жалпы жоспары 28,3 процент ғана орындалды.

Егіннің арам шөбін отауда бұрынғы ша Приенім ауданының колхоздары алта келеді. Мұнда барлық егіс алаңының 62,2 проценті арам шөптен тазартылды.

Пішен шабу қарқыны баяу

БОГОШОВО. (Өз тілшімізден). Аудан колхоздарының барлығы дерлік пішен шабуға кірісті. Алатын қатарлы «12 октябрь» және «Бостандық» ауыл шаруашылық артельдерінің әр қайсысында қазіргі өсімде 100 гектардан аса пішен шабылды. «Бостандық» колхозының председатели Қуандыков жолдас пішен шабуға 5 шөп машинасы қосылып, олардың мінсіз жұмыс істеуін, шөпшілердің еңбек өнімін өсілеп арттырып, кеменгер көсеміміз Сталин жолдастың «Жеңіс» ордені мен екінші рет наградалуына іспен жауап беруін қамтамасыз етті.

Қазір жұмыс уақыты өнімді пайдаланбау—пішен шабу жоспарын орындай алмауға әкеліп соғады. Егер мал азығы тергезінде, мол дайындалмайтын болса, онда қоғамдық мал басып өсіріп, оның өнімін арттыру жөніндегі барлық жұмыс

Егіннің арам шөбін отау жоспарын Ленин ауданы 61,2, Преснов ауданы 51,5, Мамлют ауданы 50,8 және Петропавл ауданы 50,3 процент орындады. Егіннің арам шөбін отауда әсіресе Көнүхов, Октябрь, Совет және Булаев аудандары кешігісіз артта келеді. Булаев ауданында небары 8370 гектар ғана егіннің арам шөбі оталып, жоспар 31 процент ғана орындалды.

Облысымызды жалпы алғанда егіннің арам шөбін отау қарқыны мүлде баяу болып отыр. Күні осы уақытқа дейін барлық егіс алаңының 49,6 проценті ғана арам шөптен тазартылды. Соңғы бір күнгі өсім 5000 гектардан аздап ғана асты.

Колхоздарда пішен шабу қарқыны өткен жылы қарағанда мүлде баяу болып отыр. Егер өткен жылы осы уақытқа дейін 39704 гектар жердің пішені шабылса, быыл 33743 гектар ғана пішен шабылды. Соңғы бір күнгі өсім 3789 гектар ғана болды.

Пішен шабуға әсіресе Петропавл, Приенім және Мамлют аудандарының колхоздары кейін қалды. Петропавл ауданында соңғы бір күнде 250 гектар ғана пішен шабылып, пішен шабудың жалпы жоспары 5,9 процент ғана орындалды.

Быыл колхоздар 31500 гектар жердің пішенін шабуға тиіс. Ал 20 июньнен бастап, 25 июльге дейін 3400 гектар, 25 июньнен 30 июльге дейін 3630 гектар пішен шабылу тапсырмасы берілсе, бұған июньнің 29на дейін бар болғаны 1769 гектар ғана пішен шабылды. Өткен жылы осы уақытпен салыстырғанда быыл мұнда 1065 гектар кем шабылып отыр.

Турасын айту керек. Бірыра колхоздарда пішен шабуға еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмай отырса, кейбір колхоздарда бұл жұмысқа барлық күш-күмкіншілік жұмылдырылмай келеді. Мысалға «Борьба за социализм» және «Өрнек» колхоздарын алайық. «Борьба за социализм» колхозында 4 шөп машинасының екеуі ғана жұмысқа қосылып, осы уақытқа дейін 7 гектар ғана пішен шабыл

1300 гектар егін жыйнаймын

Быыл колхоздардың егінді дер кезінде, ысыралсыз жыйнап алып, мемлекет аясындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын мұлтіксіз орындауына көмектесу—комбайншылардың абройы ісі. Өйткені егін жыйнауға шешуші күштің бірі—комбайн.

Өткен жылы мен өз комбайныммен 1016 гектар егін жыйнадым. Қазір республикамыздың атакты комбайншысы Михаил Макеев жолдастың егін жыйнауға бүкіл Қазақстанның социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі игілікті бастамасын қызу қолдап, быыл «Сталинец» комбайныммен 1300 гектар егін жыйнамақ болып отырмын.

Бұл міндеттемені орындау үшін мен комбайнымды егін жыйнауға қазірдің өзінде сақдай-сай әзірлеп қойдым. Әсіресе мотордың жөндеу сапасына ерекше назар аударып, оның қандай ғана болмасын жағдайда тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз еттім. Комбайнның егін соғатын және егін оратын бөлегіндегі ескірген бөлшектерді қайтадан ауыстырып салдым.

Егін жыйнау кезінде комбайннан астықты жүріп бара жатып алатын боламыз. Бұл мақсатпен біз комбайнға арба тіркеп жүру үшін арнаулы жабдық жасадық. Комбайнды жұмыс үстінде майлап отыратын болдық. Комбайнның кейбір ерекше бөлшектеріне жағар майдың үздіксіз барып тұруы үшін арнаулы жабдық орнаттық.

Комбайнның жұмысты ойдағыдай атқаруы тікелей тракторға байланысты. Мен бұл жөнінде аға тракторшы Андрей Плахих жолдаспен әңгімелестім. Плахих жолдас маған өзінің бұл бастаманы қызу қолдайтындығын білдірді, сөйтіп егін жыйнау маусымы басталғанға дейін өз тракторын толық жөндеуге міндеттенді! Плахих жолдастың сөзі мен ісінде айырма болмайды. Мен оны мен бірнеше жылдан бері жұмысты бірге істеп келемін. Бұл жылдарда оның кімнен кем комбайн тоқтап көрген емес.

Мен Мданов атындағы және «Новый путь» колхоздарының егін жыйнаймын. Бұл колхоздардағы егіс алаңы маған бөп саусағымдай белгілі. Атаған колхоздардың басшылары жұмысымыздың нәтижесі болуына ат салысуда. Олар қазірдің өзінде су бөлшектерімен майлау жабдықтары

жәрі, отан пантай тұқым себілеті, дәй мерзімде өгілгені, қана тыңайтқын жұм салғаны анықталды. Совет ауданындағы «Көлос», «Үлгі» және «Сартонар» колхоздары, Мамлют ауданындағы «Память Кляззы», Приешім ауданындағы «Семени-вод», «Востанлык», Октябрь ауданындағы «Шит» және «Жаңа жол», сол сияқты тағы басқа ондаған колхоздарда тұқым ұтаскерлерінің жұмысын жақсарту жөніндегі талап мұлтіксіз орындалды.

Қазір бұл колхоздар тұқымдық егісті жаңа күтіп, бітік егін өсіруге ерекше көңіл бөліп, үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізіп келеді. Тұқымдық учаскенің егінінен мол өнім алу жолында Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» ауыл шаруашылық артелиінде де бірталай жұмыстар істелді. Мұнда Берникова жолдас басқарған тұқым өсіруші зиналардың мүшелері егісті дер кезінде сапалы өсіріп, сойтіп егін алаңында арам шөп біліне бастасымен оны дереу отау жорығына аттанды. Берникова жолдасының зинасы өз учаскелерін арам шөптен тазарту жұмысын осы айдың бірінші жартысында аяқтап шықты. Бүгін звенода еңбекті дұрыс ұйымдастыру, оның әрбір мүшесіне белгілі жер бекітіп беру ісі үлкен көмек болды.

Дегенмен, тұқымдық учаскелерге барлық жерде бірдей тыңғылықты көңіл бөлінбей, нақтылы басшылық жасалып отыр.

Совет артиллерияшылары көмеңгер Сталинді құттықтайды

Заманымыздың данышпан қолбасшысы, Жоғарғы Бас қолбасшы Иосиф Виссарионович Сталинге Советтер Одағының Генералиссимусы деген жоғары әскери атақ және Советтер Одағының Батыры атағын беруі, оны «Жеңіс» орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын Қызыл Армияның негізгі екінші күші—даңқты артиллерияның қатарындағы барлық әскерлер ерекше қуаныш және шаттық сезімін білдірумен қарсы алды.

Бұл тарихи іс арқылы Сталин жолдасы Советтер Одағының барлық қарулы күштерін ұйымдастырудағы ерекше еңбегі және Ұлы Отан соғысы кезінде Совет мемлекетінің барлық қарулы күштеріне басшылық ету ісінде сіңірген асқан зор еңбегі атап көрсетілді.

Сталин жолдасының аялағымыз даппың нақтылығын барлық арнасында, артиллерияның бейбітшілік уақытта да, соғыс уақытында да өсіп, өркендей беруі үшін Сталин жолдасының үнемі қамқорлық жа-

сын, бақылап, басқарып отыру—жергілікті-партия, совет және комсомол ұйымдарының, жер орындары мен колхоз басшылары тарапынан істелетін кезек күттірмейтін жұмыс. Тұқым шаруашылығын жақсарту жөнінде агрономдар, колхоз председателдерінің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасарлары көп жұмыстар істеуге тиіс. Оларға тұқым шаруашылығын тәртіптеу, тұрақты звеноларға көмектесу, учаскедегі егістің жақсы күтілуін қамтамасыз ету, отан машиналарды, құрал-саймандарды және жергілікті тыңайтқыштарды пайдалану істерін ұйымдастыру міндеті жүктеледі.

Қазір социалистік егін шаруашылығының қызметкерлері көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен екінші рет наградталып, отан Советтер Одағының Батыры атағы берілуі хұрметіне қоғамдық еңбекке бұрынғыдан да күшті жігермен жұмыла түсті, бейбітшілікпен өркендеу дәуірінде еліміздің бұрынғыдан да түдеуін, Отанымыздың күш-қуатының арттығын өз үлестерін қосу үшін күш-қайрат жұмсауда.

Социалистік жарысты кең өрістете отырып, колхозшы шаруалардың өндірістік жігерін бастай білейік. Сөйтіп колхоздардың былай барлық егін алаңын өз сойымен қатар, тұқымдық учаскелерде бітік егін өсіруін қамтамасыз етейік. Бұл үшін тұқымдық егін учаскелерінің ұқыпты түрде бапталып, күтілуін қамтамасыз етейік!

Соң, көмектесуі және күнбе-күн басшылық жасауы арқасында Қызыл Армияның артиллериясы «Соғыстың төңірі» және «Қызыл Армияның негізгі екінші күші» бағын алды. Генералдар мен офицерлер, старшиналар, сержанттар мен қызыл әскерлер—артиллерияшылар мен минометшілер Отан соғысының майдандарында және тылда жүріп, Қызыл Армияның негізгі екінші күші айыны артиллерияға Сталин жолдасының ерекше назар аударып, қамқорлық жасағандығын әрқашанда сезін отырды.

Қызыл Армия артиллериясының қатарындағы барлық әскерлердің атынан Сталин жолдасы ерекше зор қуаныш сезімін білдіріп, шын жүректен құттықтайды және бізге көмектесіп, басшылық етеді, қамқорлық жасағаны үшін біздің артиллерияшылардың алғысын қабыл алуын сұраймын.

Артиллерия Бас Маршалы Н. ВОРОНОВ.

дық. Комбайндарды дер кезінде, сапалы жөндеп бұл жарыста озып шығамыз. Бүгін жұмысшылардың өндірістік жігері толық көп бол алады.

Т. ИГНАТЕНКО,
Совет ауданындағы Бейнетқор МТСның директоры.

ШӨП ШАБУҒА ДАЙЫНДАЛМАҒАН

Сәдуаев жолдас председатель батыс істейтін «Қара бұлақ» ауыл шаруашылық артелиінде (Ленин ауданы) шөп шабу жұмысына әзірлік нашар жүргізілген.

Машиналар неге жөндемеген?—деп колхоз бастығынан сұрасаңыз:

—Қайтейік, анын жатқан жоқпыз, екі ұстаымыздың біреуі ауырып жатыр, барынша қыймылдан жатырмыз ғой, дейді.

Ендігі жерде Сәдуаев жолдас бегде себепті бетке ұстауды қойып, бұл кемшілікті іс үстінде жою керек.

Т. КӨКІМОВ.

Осының салдарынан пішен шабу жоспары небары 79,3 процент ғана орындалды. Мұның аяғы қыс маусымында кейбір колхоздарда мал шығынының өтек алуына әкеп соқты.

Быйыл өткен жылдың осы кәселігі тағы қайталанылып отыр. Колхоздарда 161 шөп машинасы болса, күні осы уақытқа дейін 120 шөп машинасы ғана жұмысқа қосылды. Сондықтан да аудан бойынша пішен шабудың бес күндік тапсырмалары үнемі орындалмай келеді.

Сүйікті көсеміміз Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен екінші рет наградталып, отан Советтер Одағының Батыры атағы берілуі хұрметіне «Қазақстанның 20 жылдығы» атындағы қолөнершілер артелинің жұмысшылары мен қызметкерлері еңбек өнімін неғұрлым арттыруда.

Артель жұмысшылары стахановтық

—Шөп жас. Уақыт бар ғой әлі,—дейді колхоз председатели Құсайынов жолдас.

Приешім ауданында пішен шабу жұмысының алғашқы кезеңі осындай. Егер аудан басшылары кемшіліктерді іс үстінде жойып, пішен шабу жөніндегі бес күндік тапсырмалардың әрбір колхозда мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз етпейтін болса, онда ауданда мал шаруашылығы жайының мүшкіл халге ұшырайтындығы даусыз.

ЕҢБЕК ӨНІМІН АРТТЫРУДА

Вахтаға тұрып, июль айының өндірістік тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға және Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысты алған міндеттемені орындауға есерт берді. Сөйтіп жұмысшылар ұлғайтылған міндеттемелер алды. Жыйындыста сөз сөйлеген стахановшы бригадир Бекеева жолдас бы

ойымыз да қажырлы еңбек ететіндіктері сенім зор.

Мені Совет ауданындағы Шағлы маңа-трактор станциясының таңдаулы қолбасшысы Иван Торотков жолдас сондықтан жарысқа шақырып отыр. Мен Торотков жолдасының шақыруын шын ықыласпен қабылдап, алынған міндеттеме аброймен орындаймын деп сенім беремін.

Ф. В. ПОНОМАРЕВ.

Мамлют ауданындағы Интернационал МТСның қолбасшысы.

Халқымыз көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасты шын жүректен құттықтауда

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР СЕРТІ

Петропавл станциясындағы вагон жөндеу пунктінде көп адам қатысқан жыйын болды. Жыйынды партия ұйымының секретарі Максимов жолдас ашты.

—Радиоан қуанышты хабар естідік, —дейді ол.—Ұлы көсеміміз данышпан қолбасшы Сталин жолдасқа Советтер Одағының Батыры және Советтер Одағының Генералиссимусы деген жоғары әскери атағы берілді.

Жыйынға қатысушылар көмеңгер көсеміміз шын жүректен құттықтап, зор құрмет көрсетті.

Төраға Матвеев жолдас сөз алып сөйлеп, былай деді:

—Сталин жолдасының басшылығы арқасында Қызыл Армиямыз жауды толық талқандады. Біз Сталин жолдасының басшылығы арқасында еліміздің түлене түсіп, Отанымыздың күш-қуатының арттыруы үшін қажырлы қайратпен еңбек істейміз. 20 июльге дейін жоспарланған 2 станок жөндеп шығаруға міндеттенеміз.

Вагон жөндеу цехының шебері июль айының өндірістік жоспарын теміржолшылар күніне дейін 105 процент орындауға цех жұмысшылары атынан міндеттеме алды. Жұмысшылар коллективі ұлғайтылған міндеттемелер алып оны мұлтіксіз орындауға есерт берді.

Ж. ӘБІЛОВ.

Жаңа міндеттемелер алды

Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен екінші рет наградталып, Советтер Одағының Батыры атағы берілуі облысымыздың еңбекшілерін зор қуанышқа бөледі. Осыған байланысты, барлық кәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда және мекемелерде көп халық қатысқан салтанатты жыйындар өткізілді.

Денисенко жолдас парторг болып істейтін заводта 600 адам қатысқан жыйын

болып өтті. Мұнда сөз алып сөйлеген жұмысшылар өндірістік табыстарын дамыта беретіндіктерін айтты.

Андреев жолдас басқарған цехтың жұмысшылары Сталин атындағы вахтаға тұрып, июль айының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындауға міндеттенді. Олардан үлгі алған басқа цехтардың жұмысшылары да вахтаға тұрды.

В. СМАҒҰЛОВА.

НАГРАДАҒА ЖАУАП

Октябрь ауданындағы «Жаңа жол» колхозының мүшелері көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен екінші рет наградталып және Советтер Одағының Батыры атағын алуына іспен жауап беруде. Бұл қуанышты күндерде әсерсе пар жұртушылар еңбек өнімін еселеп арттырып тұр.

Колхоз председателинің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Қ. Жуентаев жолдасының іскерлікпен басшылық етуі

нәтижесінде колхозда 130 гектар қара пар жыртылды. Қара пар жыртуда жүрген 6 соқаның барлығы дерлік күнделік тапсырманы артығымен орындайды.

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдасының «Жеңіс» орденімен екінші рет наградталуымен жігерленген колхозшылар пар жұрту жоспарын таяудағы күндерде толық орындап шықпақ.

Ж. ІЛІЯСОВ.

СТАЛИНДІК ВАХТАҒА ТҮРДЫ

Бөке Петропавлдың Сталин атындағы қолөнершілер артелиінде көмеңгер көсеміміз әрі данышпан қолбасшымыз Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдасқа Советтер Одағының Батыры атағы берілді, оның «Жеңіс» орденімен екінші рет

наградталуына байланысты қуанышты жыйын болып өтті.

Жыйында артель коллективі Сталиндік вахтаға тұрып, еңбек өнімділігін бұрынғыдан екі есе арттыруға бірауыздан есерт берді.

М. ӘМИНА.

ЗОР ЫҚЛАСПЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасы Советтер Одағының Батыры атағы беріліп, «Жеңіс» орденімен екінші рет наградталуы хұрметіне, Резчик жолдас директор болып істейтін заводта адам қатысқан жыйын болып өтті.

Цех бастығы Губай жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

—Сталин жолдас бастаған батыр Қызыл Армиямыздың тарихи ұлы жеңісіміз жігерленген еліміздің еңбекшілері заңдар мен фабрикаларда, колхоз, совхоз егін далаларында жана еңбек үлгісін көрсетіп, зор табыстарға жетуде. Біз, завод коллективінің мүшелері бұдан былай еселеген жігермен қажырлы еңбек істеуіміз өндірістік жаңа табыстарға жетуге сер береміз.

Губай жолдас өз цехының жұмысшылары атынан июль айының өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындап, бұл өнімін неғұрлым арттыруға міндеттенді.

Заводтың жұмысшы, қызметкерлер коллективі көмеңгер көсеміміз Сталин жолдасы зор ықласпен құттықтады. Ол июль айының жоспарын 24 июльге дейін артығымен орындап, ауыл шаруашылық машиналарын жөндеу ісінде колхоздар мен МТСтарға тыңғылықты көмек көрсету жөнінде жаңа міндеттемелер алды.

Д. САФИНА.

Польша, Литва жерінде және Белоруссия мен Украинаның батыс аудандарында Қызыл Армияның тылында болған поляк астыртын ұйымының ұйымдастырушыларына, басшыларына және оған қатысушыларға

СОТ

АЙЫПТАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Төменде аталған адамдар мынадай қылмыстар істеуде айыпталды:

- 1) Окулицкий Леопольд Блажевич,
 - 2) Янковский Ян-Станислав Иосифович,
 - 3) Бень Адам Валентьевич,
 - 4) Ясюкович Станислав Игнатьевич
- Қызыл Армияның тылында Белоруссия мен Украинаның батыс аудандарында, Литва мен Польшада поляктардың астыртын әрекетін ұйымдастырып, оған басшылық еткен, Польшаның Лондондағы қаншын «үкметінің» нұсқауы бойынша Қызыл Армияға және Советтер Одағына қарсы бүлдіру әрекетін жүргізуге, Қызыл Армияның офицерлері мен жауынгерлеріне қарсы террор жасауға, Советтер Одағы мен Қызыл Армияға қарсы үгіт жүргізуге басшылық еткен, ал айыпкер Окулицкий оның үстіне Қызыл Армияның тылында барлау-информация жұмысын жүргізуді басқарған;
- 5) Пайдак Антоний Юзефович,
 - 6) Пушак Казимир Войцехович,
 - 7) Звежинский Александр Казимирович.

1. Қызыл Армияның тылында „Өлкелік Армияның“ астыртын қарулы отрядтарын ұйымдастыру

Неміс басқыншылары басып алған кезде Польшаның, Литваның және Украина мен Белоруссияның батыс облыстарының жерінде Польшаның қаншын «үкметі» «Өлкелік Армия» деп аталған астыртын соғыс ұйымын құрған. Бұл ұйымды 1944 жылғы сентябрьге дейін Польшаның «Бур» Армиясының генералы Комаровский басқарған, ал, ол немістерге қолға берілгеннен кейін, 1944 жылғы октябрьден бастап бұл ұйымды оның орынбасары бригада генералы Окулицкий басқарған.

Айыпкер Окулицкиймен бірге бұл «Өлкелік Армия» астыртын ұйымының жұмысына өзін астыртын «Польша министрлер кеңесінің» председателі деп атаған Янковский Ян-Станислав Иосифович және оның «министрлері» Бень Адам Валентьевич пен Ясюкович Станислав Игнатьевич басшылық еткен.

Мұнымен қатар Польша жерінде «Халық бірлігінің кеңесі» деп аталған астыртын ұйым құрылып, жұмыс жүргізілген. Оны Польша социал-демократиялық партиясының

вич,

- 8) Бягинский Казимир Станиславович,
- 9) Мерзва Станислав Францевич,
- 10) Стыпулковский Збигнев Францевич,
- 11) Чарновский Евгений Станиславович,
- 12) Хацинский Иосиф Антонович,
- 13) Урбанский Франц Андреевич,
- 14) Михаловский Станислав Францевич,
- 15) Кобылянский Казимир Самуилович және
- 16) Стемлер-Домвский Иосиф Генрихович

Польша жерінде Қызыл Армияның тылында поляктардың астыртын ұйымдарының бүлдіру әрекетіне қатысқан, радио станцияларды, баспа ханаларды, қару-жарақ пен оқ-дәріні тапсыру туралы совет соғыс командованиесінің бұйрықтарын астыртын ұйымдардың басшылары орындамағанын және бұларды қылмыстық мақсатпен пайдаланғанын біліп жүрген.

Айыпкер Бень: «1944 жылғы декабрьде Пиотркувте «министрлер кеңесінің» Янковский Ян-Станислав, Ясюкович Станислав, Пайдак Антоний және Я. Бень қатысқан мәжілісінде Окулицкий бізге өзінің Лондоннан «Өлкелік Армияның» тарату туралы бұйрық алғанын білдірді» деді. Окулицкий «бізге Лондон үкметінің «Өлкелік Армияның» тарату туралы бұйрығы астыртын қарулы күштерді таратқан болып көріну мақсатымен жасалған саяси әдіс, саяси айла екенін айтты, іс жүзінде Окулицкий жаңадан астыртын соғыс ұйымын құруға кірісетінін білдірді.

1945 жылғы февраль айының екінші жартысында Польшаның астыртын үкметінің «министрлер кеңесінің» Миланувек қыстағында болған және менен басқа Янковский, Ясюкович Станислав және Пайдак Антоний қатысқан мәжілісінде Окулицкий бізге «Өлкелік Армия» бойынша бұйрық шығарылғанын

айыпкер Окулицкий басқарған. Оның «Недзвидек», «Термит» деген жасырын аттары болған.

Астыртын «Министрлер кеңесінің» 1945 жылғы февраль айында Миланувек қыстағында (Варшаваның түбінде) болған мәжілісінде айыпкер Окулицкий бұл ұйымға басшылық ету үшін «Стронництво людое», «Стронництво пародое», ППС (Польша социалистерінің партиясы) және «Демократтар одағы» партияларының өкілдерінен «саяси кіндік» құруды ұсынаған.

«Министрлер кеңесі» бұл ұсынысты мақұлдап, айыпкер Янковскийге, ұйымның саяси кіндігін құру үшін жоғарыдағы аталған партиялардың өкілдерімен сөйлесуді тапсырған.

Қызыл Армияға қарсы күресу үшін астыртын қарулы отрядтар ұйымдастыру жөнінде айыпкер Окулицкий 1944 жылғы март айында Сосновский онымен кездескенде, Қызыл Армия Польша жеріне кіргеннен кейін «Өлкелік Армияның» астыртын сақтау керек екенін айтқанын білдірді. Сосновский бұл мақсатпен күнілгері «Өлкелік Армияның» округтерінің запас штабтарын құруды ұсынаған, бұл штабтар Қызыл Армияға қарсы күреске басшылық етуге тиісті болған.

Айыпкер Окулицкий 1944 жылғы июльде «Бур»—Комаровский оған Сосновскийдің нұсқауына сәйкес, «Тәуелсіздік» деп аталатын соғыс-саяси ұйым құруға және оған басшылық етуге бұйрық бергенін білдіргенін айтты.

(Осы істің 145—147-беттері, 1-том). Тергеуде астыртын «Тәуелсіздік» ұйымына мынадай міндеттер жүктелгені анықталды:

- 1) астыртын әрекет жүргізу және Советтер Одағына қарсы көтеріліске даярлану үшін ұйымның кадрларын топтастыру, қару-жарақты сақтау;
- 2) әр қайсысында кемінде 60 адамнан құралды соғыс отрядтарын құру;
- 3) кісі өлтіруші топтар құру, «Өлкелік Армияға» қарсы адамдарды және совет соғыс командованиесінің өкілдерін өлтіру;
- 4) көтеріліс басталғаннан кейін бүлдіру әрекетін жүргізу үшін бүлдірушілер

өлтіру әрекетті мейлінше сақтықпен жүргізу керек, мұның айыбын украин ұлтшындарына аудару керек деген арнаулы нұсқау алдым».

(Істің 121-беті, 1-том).

Бұған байланысты айыпкер Окулицкийге, бұл нұсқауларды білдініз бе деп сұрау берілді. Айыпкер Окулицкий бұл нұсқаулардың мәлім екенін ыспаттады. (Бұл істің 212—213-беттері, 1-том). Айыпкер Янковский өзінің «Тәуелсіздік» астыртын ұйымына қатысуы турамы былай деді:

«Окулицкий менен, астыртын «Министрлер кеңесінің» председателі ретінде, басшылық ететін кіндік құрылғанға дейін, ұйымға саяси басшылық етуді өз міндетіме уақытша алуды өтінді...

...Екінші рет бұл мәселе мен Краковтан қайтқаннан кейін 1945 жылғы февральдың екінші жартысында астыртын «Министрлер кеңесінің» мәжілісінде сөз болды.

Мен басқарған астыртын поляк үкметін жою мүмкіншілігі ескеріліп, маған астыртын саяси партиялардың өкілдерімен кездесу, олармен бұл ұйымның саяси кіндігіне жауапты өкілдер белгілеу мәселесін кеңесу тапсырылды»...

(Істің 42, 43, 44-беттері, II-том).

Айыпкер Ясюкович былай деді:

«Окулицкий «Өлкелік Армияның» қайта ұйымдастырып, оның негізінде жаңадан астыртын соғыс ұйымын құра бастады, бұл ұйым Польшаның Лондондағы үкметінің өлкедегі негізгі астыртын орталығы болуы үшін, оған саяси міндеттер жүктеуді хажет деп тапты...

...Окулицкий бұған байланысты соның өзінде өзінің жанында астыртын саяси партиялардың өкілдерінен басшы саяси кіндік құруды ұсынды».

Бұдан әрі ол былай деді:

«...«Өлкелік Армияның» таратылуының ресми жариялап, біз іс жүзінде оны сақтап қалдық, мұны Советтер Одағынан жасыруға тырыстық.

Бұл армия Советтер Одағына қарсы күресуге арналды және іс жүзінде Қызыл Армияның тылында бүлдіру—кісі өлтіру әрекетін жүргізіп соғыс болып

асқан, Ключковичі деревнясында тағы бір азаматты атқан.

в) 1944 жылғы октябрь айында «Рагнера» отряды Марулины деревнясында тұратын Свидані тонаған, ал сентябрьде Котловы деревнясында тұрушы Урбанович пен Костюшинді атқан;

г) Бұл отряд Белосток темір жолының Бастуны станциясындағы су тартатын орынды дәрі қойып қыратып өртеп жіберген, басқа да толып жатқан қылмыс істеген.

Мұны осы отрядқа қатысқан Урбанович, Неверовский, Шумский, сонымен қатар бірсыңра документтер анықтады. (Осы істің 37,38,42, 43, 94, 95, 170, 171-беттері 21-том).

2. «Өлкелік Армияның», «Сибиряк» деген отрядының командирі Лубиновский, Мелудовский ауданының «Дитрики» деген жерінде бүлдірушілер даярлап шығаратын арнаулы мектеп ашып, онда 200 дей бүлдірушілерді оқыту жұмысын басқарған. Бұлар кейін «Рагнера», «Крыся», «Сибиряка» тағы басқа отрядтарға бөлінген. (Осы істің 13, 17, 39—47-беттері, 31-том).

И. В. Лубиновский барлық бүлдірушілерді Белоруссия мен Украинаның батыс облыстарының Советтер Одағына қосылған жылдығы күні темір жол транспортында бүлдіру әрекеттерін жүргізуге шақырған.

Отрядты жойып, Лубиновскийді тұтқып алған кезде мишалар, жарылғыш заттар, бүлдіру әрекетін жүргізуге керекті тағы басқа нәрселер қойылған екі склад қолға түсті. (Осы істің 59, 61-беттері, 31-том).

3. Лубиновскийдің бұйрығы сыяқты бұйрықты «Өлкелік Армияның» «Новогруд» уездесіндегі «Труд» деп аталатын отрядының команданты да берген. Бұл бұйрық 1944 жылғы 9 сентябрьде берілген. Ол бұйрығында өзіне қарайтын адамдарға 17 сентябрьде барлық аудандардың жерінде бірсыңра бүлдіру әрекеттерді жүргізуге бұйырған.

Бұйрықта былай делінген:

«Бүлдіру әрекетін барлық жерде жүргізу керек. Әскери эшелондарды, азаматтарды толықтай тартып жол тартып

«Гром» отрядының командирінің бұйрығымен адынтатын Я. Т. Павилюк өзінің бе жауабында толық айтты берді. Оны Қызыл Армия бөлімдері осы отрядты қапдаған кезде ұстап алған. (Осы істің 167—170, 203—205-беттері, 20-том).

7. Ч. А. Станкевич басқарған о 1944 жылғы сентябрьде Мало—Солонский сельсоветінің председателі Васицкийді, оның әйелін және 18 жасар зың, Больше—Солонинский сельсоветінің председателі Назанты және оның ретарі Лойкті атқан. 1945 жылғы янда Калитаны деревнясындағы сельсоветің секретарын атқан.

1945 жылдың январында Станкевич отряды Қызыл Армия бөлімдеріне сы екі рет ұрыс жүргізіп, бұл ұрыс советтің әскери қызметкерлерінен 5 аса адамды өлтірген.

Февральда Станкевичтің отряды Қызыл Армияның 7 жауынгерін ұстап атып өлтірген. Бұл отряд сол кезде Пранскі сельсоветінің екі қызметкері атқан. (Станкевичтің берген жауабына, осы істің 245—256-беттері, 20-том). Польша жерінде Қызыл Армияның уынгерлері мен командирлерін өлтіруінде жүргізілген қастандық әрекеті мен бүлдіру әрекеттері жөнінен жауап алғанда, айыпкер Окулицкий 31 маусым және 4 июньде мышаларды айтты:

«Өлкелік Армияның» Қызыл Армия тылында жүргізген бүлдіру әрекеті жөнінде маған көрсетілген докуменмен таныса келіп, «Өлкелік армия қатысқандар істеген бүлдіру әрекеті не және кісі өлтіру істеріне өзінді уалтымын деп білемін». (Осы істің 171-беті, 1-том). «Советтер Одағы жерінде, яғни Украина мен Белоруссияның батыс облыстарында, сол ақты, Польша жерінде «Өлкелік Армия» қатысушылар Қызыл Армия офицерлері мен солдаттарына қарсы өлтіру әрекеттерін жүргізгеніне «Өлкелік Армияның» қолбасшысы ғаңдықтан, өзінді толық жауапты білемін...

«Қызыл Армияға қарсы тыңшы мәліметтер жыйналғаны жөнінде

Өздерінің қарулы күштері мен ұйымдарын астыртын жағдайға көшіріп, Польшаның қашқын үкіметінің нұсқауы бойынша олар Советтер Одағына қарсы бағытпен жұмысқа кіріскен, майдандағы совет армияларының тылында белсене бұлдіру әрекетін жүргізген. Қызыл Армияның қатынас жолдарын бұзып, бұлдірген, совет офицерлері мен жауынгерлерін өлтірген, поляк халқы арасында Советтер Одағына қарсы үгіт жүргізген.

Астыртын әрекетті негүрлым жасыру мақсатымен 1944 жылғы декабрь айында айыпкер Окулицкий Польшаның қашқын «үкіметінің» нұсқауы бойынша, астыртын «министрлер кеңесінің» және «халық бірлігі кеңесінің» мүшелерінің қатысуымен, «Өлкелік Армияның» тарату туралы бұйрық жариялаған, мұнымен қатар Окулицкий «Өлкелік Армияның» округтік коменданттарына «Өлкелік Армияның» байырғы солдаттары мен офицерлерінің негізгі бөлімін астыртын қалдыруға, округтарда жасырып штабтар құруға, қару-жарақ пен оқ-дәріні сақтап жасауға, жұмыс істейтін радио станцияларын құпия ұстауға жасырын нұсқаулар берген.

(бұл істің 40—42, 58—60-беттері, 1-том).

Айыпкер Окулицкий 1944 жылғы декабрьде генерал Копаньский оған радио арқылы Польшаның Лондондағы «үкіметінің» қарарын білдіргенін айтты. Бұл қарарда Қызыл Армия Польша жеріне келгеннен кейін, соғыс-саясат орындары бар мейлінше құпия аппарат жасау үшін «Өлкелік Армияның» астыртын ұйымдарын пайдалану керек екені көрсетілген. Бұдан кейін айыпкер Окулицкий бұл туралы былай деді:

«Польшада «Өлкелік Армияның» астыртын штабтарын қалдыру туралы генерал Копаньскийдің бұйрығы Польшаның уақытша үкіметіне және Қызыл Армияға қарсы қарулы күрес жүргізу үшін «Өлкелік Армияның» басшылары мен командирлерін, сол сыяқты қару-жарақты, оқ-дәріні және ақша қаражаттарын сақтау мақсатымен шығарылды».

(Осы істің 42-беті, 1-том).

Майдандағы Қызыл Армияның тылында астыртын штабтардың құрылуы туралы айыпкер Окулицкийдің жауаптарын айыпкерлер Я. И. Янковский, А. Б. Бенъ, С. И. Ясюкович және А. Ю. Пайдак ыспаттады.

II. „Тәуелсіздік“ астыртын соғыс-саяси ұйымының құрылуы

Лондондағы қашқын «үкіметтің» жоғарыда көрсетілген бұйрығын орындау ретінде айыпкер Окулицкий Қызыл Армия командованиесін алдауға тырысып, «Өлкелік Армияның» тарату туралы бұйрық шығарған, іс жүзінде ол бұл армияның негізгі

айтты...».

(Осы істің 87-беті, 3-том).

Айыпкер А. Ю. Пайдак Окулицкийдің оған «Өлкелік Армияның» тарату туралы бұйрық шығарғанын, «Өлкелік Армияға» қатысушылар қаруларды, радио станцияларды және баспа ханаларды ұқыптылықпен жасыруға міндетті екенін білдіргенін айтты.

(Осы істің 106—107-беттері 5-том).

Астыртын ұйымдардың басшылары: «Строничтво Народове» ұйымының председатели және «халық бірлігі кеңесінің» вице-президенті А. К. Звездинский, бұл «кеңестің» мүшесі—«демократтар одағы» деген демократиялық ұйымдар бірлестігі басқармасының председатели Е. С. Чарновский, «Халық бірлігі кеңесінің» секретарі П. А. Урбанский, «Строничтво Народове» партиясының орталық комитетінің мүшесі С. Ф. Мерзва және К. С. Богылинский бұл мәселе туралы осындай жауаптар берді.

(Осы істің 7-томының 171-беті; 5-томының 70-беті; 10-томының 78, 80-беттері; 13-томының 94-беті; 15-томының 22-беті).

Айыпкер Окулицкийдің Лондоннан «Өлкелік Армияның» штабтарын, қару складтарын, оқ-дәрілерін және радио құралдарын сақтау туралы радио арқылы нұсқау алғаны Польшаның қашқын «үкіметі» мен «Өлкелік Армия» басшыларының осы іске тіркелген радиogramмалар ыспаттайды.

Осы радиogramмалардың бірінде (1944 жылғы 8 декабрьдегі № 11869 радиogramмада) қашқын «үкіметтің» 1944 жылғы 14 октябрьдегі қаулысының тексті толық білдірілген. Бұл қаулыда Польшада көп көлемде астыртын жұмыс жүргізу керектігі көрсетілген және «Өлкелік Армияның» мейлінше жасырын сақтау, қару-жарақты ұқыптап тығу, астыртын басшы орындар және олардың арасында байланыс ұйымдастыру, адамдарды сақтау міндеттерін жүзеге асыру тапсырылған. Бұл радиogramманың аяғында былай делінген:

«Бұл қаулыда көрсетілген құпия міндеттерді жариялаған адамдар қатаң жазаға кесіледі».

Бұл қаулыны шығарған түпкі иесі «Варта» үкіметі».

Айыпкер Окулицкий «Варта» деген сөз Польша әскерлерінің Лондондағы бас штабының жасырын аты екенін мойындады. (Осы істің 132-беті, 1-том).

Бұл қаулыны шығарған түпкі иесі кадрларын сақтап қалған, оларды жасырын ұстаған, сол сыяқты радио станцияларды, қару-жарақты және оқ-дәріні жасырып сақтаған.

Бұл астыртын ұйымды Окулицкий «тәуелсіздік» деп атаған. Бұл ұйымды

(Осы істің 15—16-беттері, 20-том).

Алғашқы кезде «Тәуелсіздік» ұйымы соғыс-саяси ұйымы ретінде, бұдан кейін бір ыңғай соғыс ұйымы ретінде жұмыс жүргізетін болған. Бұл туралы «Өлкелік Армияның» бас командованиесі арнаулы бұйрық беретін болған.

Айыпкер Окулицкиймен беттестіргенде Львов округінің бұрынғы коменданты Янсон былай деді:

«...Варшавада болған кезімде де мен Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлеріне сол сыяқты совет өкмет орындарының өкілдеріне қарсы кісі

III. „Өлкелік Армия“ мен „тәуелсіздік“ ұйымдарының астыртын құралды отрядтарының кісі өлтіру, бұлдіру шпиондық әрекеттері

Тергеуде мыналар анықталды: 1944 жылы және 1945 жылдың басында Украина мен Белоруссияның батыс облыстарының жерінде, Литва мен Польшада, майдандағы Қызыл Армияның тылында «өлкелік армияның» құралды астыртын отрядтары үнемі әрекет жасап, Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлерін өлтіріп келген. Қызыл Армияның қатынас жолдарында бұлдіру әрекеттерін жүргізген, советтің әскери және азаматтық мекемелеріне құралды шабуыл жасап отырған.

Сонымен қатар «өлкелік армияға» қатысушылар Қызыл Армия жөнінде тыңшылық мәліметтер жыйнау ісімен де шұғылданған.

«Өлкелік Армияның» бұлдіруші топтары мен отрядтары Польшаның құпия әрекет жасаушы топтары Советтер Одағы Польшадан «тартипті алды» деп есептеп келген Батыс Украина мен Белоруссияның жерінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл Польшаның жерінде Қызыл Армияның тылында қастандық әрекет жасап келген.

Толық емес мәліметтер бойынша, «Өлкелік Армия» отрядтарының қастандық әрекетінің нәтижесінде 1944 жылғы 28 июльден 31 декабрьге дейінгі уақыттың ішінде ғана Қызыл Армияның жауынгерлері мен офицерлерінен 277 адам өлген, 94 адам жаралы болған. Оның ішінде өлген және жараланған офицерлер 77, сержанттар 87, жауынгерлер 207, 1945 жылдың бірінші январынан 30 мамына дейін Қызыл Армияның офицерлері мен жауынгерлерінен 317 адам өлтірілген және 125 адам жараланған. (Бұлардың аттары жазылған тізімі қара, осы істің 1—84-беттері, 25-том).

Төменде «Өлкелік Армия» отрядтарының Қызыл Армияның тылында жүргізген бұлдіру әрекеттерінің кейбір мәліметтері келтіріліп отыр.

1. Барановичи және Гродно облыстарының жерінде соңғы кезге дейін «Өлкелік Армияның» «Рагнера», «Крыся», «Сиб-

льнер» және «Смелая» деп...

«Окулицкий құрған жаңа астыртын соғыс ұйымы майдандағы Қызыл Армияның тылында бұлдіру әрекетін жүргізу мақсатын көздеді...»

«Окулицкий керек болған уақытта Рачкевичтің және Арцишевскийдің нұсқауы бойынша, Польшада Қызыл Армияға қарсы құралды көтеріліс ұйымдастыру үшін, астыртын қарулы күштерді біріктіріп отырды»...

(Істің 88, 89-беттері, 3-том).

Айыпкерлер Пайдак, Чарновский, Звездинский осындай жауаптар берді. (Істің 107, 108-беттері, 5-том).

рыка», «Германа» деген тағы басқа бұлдіру отрядтары қастандық әрекет жасап келген.

«Рагнера» отрядында 300дей адам болған. Бұлар Қызыл Армияның тылында көп адамдарды өлтіріп, сан рет бұлдіру әрекетін жасаған, жергілікті халықты тонап отырған, үйлерді өртеген, дәрі қойып қыйратқан тағы сол сыяқты әрекеттер жүргізген:

а) сержант Павловский Вацлав Степанович (жасырын аты «Завей») бастаған осы отрядтың бір бөлегі Белорусс ССР-ның Брест облысындағы Лидский ауданының Ополон сельсоветіндегі Ворнишки деревнясының маңында 1944 жылғы 10 сентябрьде Қызыл Армияның әскери бөліміне қарсы ашықтан-ашық ұрыс жүргізген.

1945 жылғы 22 январьда тұтқынға алынған В. С. Павловский өзінің «Өлкелік Армияға» қатысушы екенін, ол Қызыл Армияның бөлімдеріне қарсы «Өлкелік Армияның» басшылығының тапсырмасы бойынша ұрыс жүргізіп, оны басқарғанын осы қызметі үшін наград алып, шені жоғарылатылғанын мойнына алды. Бұл жағдай 1944 жылғы 15 сентябрьде «Рагнера», «Юг» отряды жөнінде берілген № 50 бұйрықта айқын сыпатталады, онда былай делінген:

«Советтің ұстауға шыққан адамдарын талқандауда жігерлік көрсеткені үшін 311-астыртын отрядтың командирі агасержант «Завейга» және 311-отрядтың солдаттарына алғыс жариялаймын. Сонымен қатар аға сержант «Завей» «Кюжем Валечник» орденімен наградтауға және шені жоғарылауға ұсынылғанын хабарлаймын». (Осы істің 141, 142, 143-беттері, 30-том).

б) 1944 жылғы октябрь-ноябрьде «Рагнера» отряды Любары деревнясында Қызыл Армияның лейтенанты Л. А. Кругнянты өлтірген, тас жолмен өтіп баратын автомашинаға оқ атқан. Мұнда Қызыл Армияның екі әскери қызметкері өлген. Лидский ауданындағы Дитрики деревнясында советтің бір азаматын дарға

ақтар ұстау әрекетін жүргізген. Оған Львов облысының коменданты, поляк армиясының подполковнигі Янсон (оның жасырын аттары «Кармен», «Райпра») 1944—1945 жылдары басқарып келген. Бұлар да бірсыпыра адамдарды өлтіріп бұлдіру әрекеттерін жүргізген. (Осы істің 17—20 беттері, 20-том).

Янсонның қарауында болғандардың бірі, бұрын Станислав округінде, «Өлкелік Армия» отрядтарын басқарған В. М. Берман (мұның жасырын аттары «Глобус», «Гудач») өзі басқарған отрядтың Қызыл Армия тылында жүргізген бұлдіру әрекеттерін толық байлап берді, оның қарауында тиісті қаруы бар 3 мыңға жақын адам болғанын айтты. Бұл отрядтар әр қайсысында 65 адамнан түрлі топқа бөлінген. Олардың әр қайсысына түрлі жұмыстар тапсырылған. Оның ішінде құрту-өлтіру тобына Советтің Соғыс комендантисінің өкілдерін өлтіру арнап тапсырылған.

Герман тұтқынға алынғанда онан түрлі документтер, совет мекемелерінде бұлдіру әрекеттерін жүргізудің жоспарлары, астыртын отрядтардың ұйымдастыру жұмыстары жөнінде берілген бұйрықтар табылды. (Осы істің 187—198-беттері, 33-том).

5. Литва ССР-ның жерінде, Қызыл Армияның тылында поляктың қашқын үкіметінің «Делегатура жонду» деген астыртын ұйымы бұлдіру әрекетін жүргізіп келген.

1944 жылдың аяғында және 1945 жылдың бас кезінде осы ұйымды жойған кезде Советтің Соғыс командованиесі 30 дан аса астыртын пәтер үйлерден түрлі істер, хат, хабарлар, «делегатура жонду» ұйымының тәуелсіздік бөлімінің жазықан хаттарын, картотекасын, қару және оқ дәрі қойылған складтар, жұмыс істеп тұрған 2 радио станциясын және запаста тұрған 10 радио станциясын, радио мүлкі қойылған склад және Советтер Одағына дұшпандық пікір таратуға арналған көп құралдарын қолға түсірді.

Осы ұйым жөнінде жүргізілген тергеуде мыналар анықталды: «делегатура жонду» мен «Өлкелік Армияның» жұмысын бір ізге салып отыру үшін «Комитет Повстанчи» деп аталатын ұйым құрылған. Бұған «жонду»дың делегаты З. Е. Федорович, «Өлкелік Армияның» өкілі Я. Я. Кульчицкий (жасырын аты «Вилья») және «Өлкелік Армия» штабының қызметкері Моноцинский (жасырын аты «Юлиан» кірген). (Осы істің 148—186-беттері, 34-том).

6. Вильнюс қаласының маңында зиян кестік әрекетін жүргізген «Гром» отряды 1944 жылдың аяқ кезінде көптеген совет офицерлерін және Қызыл Армияның қатардағы жауынгерлерін өлтірген, колхоздарды тонаған.

Бұл отрядтың зиянкестік әрекеттерін

ерік алып, өздеріне істеді. Мен жетпіс адам болғандықтан «Өлкелік Армияның», мұнан кейін «тәуелсіздік» ұйымының істеген әрекеттеріне жауапты екенімді тағы айтамын...» (Осы істің 152-беті, 2-том).

Бенъ мынаны айтты:

«Мен поляктың жасырын үкіметінің министрі болғандықтан, «Өлкелік Армияның» істеген қылмыстарына оның ішінде Польша жерінде Қызыл Армияға қарсы әрекет жасап, адам өлтірініне жауаптымын». (Осы істің 181-беті, 3-том).

Айыпкер Ясюкович мынаны мойындады:

«Өлкелік Армияның» Қызыл Армияға қарсы әрекет жасап, кісі өлтірген бұлдіру жұмыстарын жүргізгені жөнінде тергеу бойынша маған қойылды отырған айыпқа мен жауаптымын» (Осы істің 108-беті, 4-том).

Қызыл Армияның тылында «Өлкелік Армия» жүргізген бұлдіру және кісі өлтіру әрекеттеріне жауапты екенін Пайдак Звездинский мен Шарновский де мойындады. (Осы істің 160-беті, 5-том, істің 259, 260-беттері, 7-том, істің 112-беті, 9-том).

Қызыл Армияға қарсы барлау мәліметтерін жыйнағанына айыпты екенін Ясюкович Окулицкий 13 июньде берген жауабында да толық мойындады.

Тергеуде жыйналған материалдар бойынша мыналар анықталды: поляктың қашқын «үкіметінің» тапсыруы бойынша Қызыл Армияның тылында тыңшылық мәліметтер жыйнау жұмысын «Өлкелік Армияның» жергілікті ұйымдарына қатысушылар да жүргізген.

Мұның өзі поляктың қашқын «үкіметінің» Окулицкийге арнап және «Өлкелік Армияның» округтік коменданттары арнап 1944 жылғы 11 ноябрьде берген № 7201 (1) 777 нұсқауынан айқындалып отыр.

Төменде осы нұсқаудан үзінділер келтірілді:

«...Варшавадағы орталық жойылған кейін тыңшылар ай сайын суретке түсіріп, толық өтіп жіберіп отыратын тыңшылық рапортын жіберуді қойды».

Советтердің Шығыста қандай соғыс қылмыстарын жүргізбек екенін, қандай мүмкіншіліктер бар екенін біл Польшада оқығалардың ендігі жері лауын болжап, жоспарлап отыру жөнінде үлкен маңызы бар іс болғандықтан—Сіздер... оқшылықты жойып, тыңшылық штабының нұсқауларына сәйкес тыңшылық ақпараттар беріп отыруға тиіссіздер».

(Жалғасы бар).

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.